

Ыбығтаева А.К., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, педагогикалық факультеті, МДФ-61 тобы, магистрант
(Ғылыми жетекші – б.ғ.к., доцент Алшынбекова Г.Қ.)

ЖАЛПЫ СӨЙЛЕУ ТІЛІ ДАМЫМАҒАН БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БАЙЛАНЫСТЫРЫП СӨЙЛЕУ ТІЛІН ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛЫ БОЙЫНША ДАМУ

Қазіргі уақытта жалпы және арнайы білім беруде мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке дайындау процесінде байланыстырып сөйлеуді дамыту мәселесіне көп көңіл бөлінеді. Мәселенің маңыздылығы жалпы сөйлеу қабілеті дамымаған балалар санының үнемі өсіп келе жатқандығына байланысты. Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы – есту қабілеті мен ой-өрісі әдеттегідей дамыған балалардың мағыналық жеке қатысты сөйлеу тілі құрамының компоненттерінің бұзылуынан болатын әртүрлі күрделі тіл кемшіліктері. Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы алалия, афазия, ринолалия, дизартрия сияқты күрделі сөйлеу патологиялардың түрлерінде де байқалады [1, 64 б].

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың ана тілін меңгеруі ұзаққа созылады, балалардың лексикалық мағынадағы сөздерді игеруі нақты емес. Көбінесе сөз мағыналарын өзара кең түрде ауыстырады, абстрактілі лексиканы меңгеру кезінде қателер кездеседі. Сондай-ақ, байланыстырып сөйлеуде көптеген қиындықтар туады.

Байланыстырып сөйлеу – тек қана сөйлемдердің тізбегі емес, ол сөйлемдердің бір – бірімен тиянақты, белгілі бір ретпен, кезектілікпен, мазмұны жинақы құрастырылған сөйлемдердің жүйесі [2, 73 б].

Байланыстырып сөйлеуді зерттеу барысында біз балалардың қарапайым мәтіннің көлемі мен құрылымын көбейтуде, жеке тәжірибеден әңгіме құрастыруда, осы бастаудағы оқиғаны көрнекі қолдаумен жалғастыруда қиындықтар туындайтынын көрдік. Балалар өздігінен ақпаратты өзгертпестен мәтінді қайталай алмайды. Олар көрнекілік пен мысалдарсыз жеке тәжірибеден әңгіме құрастыруда үлкен қиындықтарға тап болады. Көрнекі қолдау болса да, мұндай балалар толық сөйлемдер жасай алмайды және оқиғаны аяқтай алмайды. Сол себепті біз түрлі әдістемелерді пайдалана отырып, балалардың байланыстырып сөйлеу тілін дамытуға арналған «Жалпы сөйлеу тілі дамымаған бастауыш сынып оқушыларының байланыстырып сөйлеу тілін дамыту» атты оқу-әдістемелік құралын әзірледік және авторлық куәлікке ие болдық (1,2 – сурет).



1 – сурет. Оқу-әдістемелік құрал



2 – сурет. Авторлықты растайтын куәлік

Ұсынылып отырған оқу-әдістемелік құрал негізгі екі мақсатты көздейді:

1. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған бастауыш сынып оқушыларының байланыстырып сөйлеу тілін дамыту;
2. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған бастауыш сынып оқушыларының байланыстырып сөйлеу тілін дамыту үшін ұсынылып отырған электронды оқу-әдістемелік құралмен танысу.

Электронды оқу-әдістемелік құралында Петровский А.М., Ваганова О.И., Кутепова Л.И білім берудегі инновациялық технологиялар әдістемелері қолданылды:

- Компенсаторлық - пайдаланушы электронды оқу-әдістемелік құралындағы жұмысын жеңілдету мақсатында, ізденіс блогы және көмекші батырмалар құрылған.

- Дидактикалық - балаларды виртуалды оқытушы көмегімен тақырыптардың белгілі бір реттілігі бойынша оқытып дамыту.

- Коммуникациялық - желілік өзара іс-қимыл жүйелеріне қатысу үшін коммуникативтік қолдау . Яғни, пайдаланушыда сұрақ туындаған жағдайда, олар әлеуметтік желілер көмегімен авторларға байланысқа шыға алады [3, 310 б].

Тапсырмаларды ЖСТД бар балалардың жасына, бағдарламалық мазмұнына және сөйлеу мүмкіндіктеріне сәйкес таңдадық.

Лексика мен грамматиканың дамуына ықпал ететін және балалардың тапсырмаларды орындауға деген қызығушылығы мен ынтасын тудыратын дидактикалық ойындардың мысалдарын келтіре кетсек:

1. «Сөз тапқыр»

Мақсаты: балаларда тез тапқырлықты, сурет мағынасы бойынша қажетті сөздерді таңдау қабілетін дамыту.

2. «Эстафета»

Мақсаты: етістікті сөйлемде белсендіру. Бала сұрақта берілген суретті іс-әрекет бойынша тауып, сәйкестендіруі керек.

3. Мнемотехника әдістемесі

Мақсаты: сурет бойынша іс-әрекетті сәйкестендіру

4. «Буындап оқы» әдісі

Мақсаты: Белгілі бір дауыссыз дыбысты дауысты дыбыстармен кезек сәйкестендіріп оқу.

5. «Әңгіме құрастыру» әдістемесі. Балаға кесілген бөліктерден әңгіменің бүкіл бейнесін жинау ұсынылады. Сюжетті бөліктерден жинап, бала әңгілемелеуі керек.

6. «Біреу және көп» әдістемесі. Мақсаты: «Біреу және көп» ұғымын ажырата алуға үйрету. Мұғалім балалардан заттардың арасынан бір және көп заттарды табуды сұрайды [4,8 - 25 б].

Берілген оқу-әдістемелік құралмен ата-аналар, арнайы мамандар танысып, дамыту мақсатында құрылған бағдарлама арқылы өзін-өзі жетілдіре отырып, күнделікті тәжірибеде пайдалана алады.

Сондай-ақ, аталған әдістерді біріктіріп, қызықты ойын-тест тапсырмалары ретінде балардың байланыстырып сөйлеу тілін әрі қарай дамыту мақсатында қызықты ойын-тест тапсырмаларынан тұратын электронды оқу-әдістемелік құрал дайындадық. Себебі, бастауыш сынып оқушыларында визуалды – бейнелі есте сақтау басым болады, ал есте сақтау негізінен еріксіз: балалар өмірлік тәжірибесіне жақын оқиғаларды, заттарды, фактілерді, құбылыстарды жақсы есте сақтайды. Электронды оқу-әдістемелік құрал барлық адамдарға қолжетімді болуы үшін <http://damytu.com.kz/> сайтында (3-суретте) көрсетілген.



3 – сурет. <http://damytu.com.kz/>- Электронды оқу-әдістемелік құралы

Электронды оқу-әдістемелік құрал арқылы сіз үйрете аласыз:

- сөйлеу тілін дамытуды;
- балаларды дыбыстардың дұрыс айтылуына еліктеуді;
- байланыстырып сөйлеуін;
- танымдық қабілетті дамытуды.

Құрылған электронды оқу-әдістемелік құрал тест сұрақтарымен қамтылған. Әрбір сұрақтың өзіндік сипаттамасы бар.

Электронды оқу-әдістемелік құрал құрылымына келетін болсақ, ол блоктарға бөлінген. Олар: Авторлар жөнінде, құрал бойынша ақпарат және кіру.

Авторлар жөнінде. Электронды оқу-әдістемелік құралдың авторлары туралы ақпарат, олардың ғылыми дәрежелері және жетістіктері

Ақпарат. Электронды оқу-әдістемелік құралын пайдаланушылар үшін мағлұмат (мақсаты, кімге арналған)

Кіру. Әрбір пайдаланушыға оның нәтижесін авторларға көрсету үшін құрылған логин және пароль батырмалары. Сол батырмаларды пайдаланушы баса отырып, тестке өте алады.

Бұл жұмыс ЖСТД бар бастауыш мектеп жасындағы балалардың ерекшеліктерін, байланыстырып сөйлеуді дамытудың негізгі мәселелері мен түзету әдістерін сипаттайды. Жұмыс бастауыш сынып мұғалімдеріне, ата-аналарға, арнайы білім беру мекемелерінің тәрбиешілеріне және баланың ЖСТД -мен байланыстырып сөйлеуінің дамуын түзетуге қызығушылық танытқандарға пайдалы болады.

ЖСТД бастауыш сынып жасындағы балалардың байланыстырып сөйлеу тілін инновациялық технологиялар, яғни ғаламтор желісі арқылы дамыта келе, жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша мынандай ұсыныстар береміз:

- ✓ 1. Ақпараттық инновациялық технологияларды барынша тиімді қолдану; Өзіне ғана емес, сонымен қатар, қоршаған ортаға пайдасы тиетіндей өзін-өзі жетілдіретін бағдарламалармен танысу;
- ✓ 2. Ұсынылып отырған оқу-әдістемелік құралға сәйкес тапсырмаларды іс-тәжірибеңізде қолданыңыз;
- ✓ 3. ЖСТД балалардың байланыстырып сөйлеу тілін дамытуды ерте жастан бастап дамыту керек, сонымен қатар заманауи ақпаратты құралдарды қолдану қажет.
- ✓ 4. Қоғамға көмек ретінде мүмкіндігі шектеулі азаматтардың өмір сүру шарттарын арттыру мақсатында барлық адамзаттың ақпаратты инновациялық құралдарды игеруі керек.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстан – 2050» «қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» жолдауында даму мүмкіндігі шектеулі азаматтарды қоғамдық ортаға кіріктіру мәселелеріне қарастыру қажет екені көрсетілген. «Мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз ортамен қамтамасыз ету қажет. Мүмкіндігі шектелген азаматтарға көмек беру- өзіміздің және қоғам алдындағы біздің парызымыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Өмірбекова Қ.Қ., Оразаева Г.С., Төлебиева Г.Н., Ибатова Г.Б. Логопедия. А., 2011.- 64 б.
2. Глухов В.П. ЖСТД бар балалардың байланыстырып сөйлеу тілін қалыптастыру бойынша сөйлеу терапиясының тәжірибесінен. // Дефектология. №2. 1994. – 73 б.
3. Спирова Л.Ф. сөйлеу қабілетінің күрделі бұзылысы бар оқушылардың сөйлеу дамуының ерекшеліктері. — М., 2000 – 310 б.
4. Ладыженская Т.А. Заманауи мектепте байланыстырып сөйлеуге үйретудің әдістері – М., 1983. – 8–25 б.